

К.Р.Исаева, И.С.Өтебаев, Г.Б.Бокаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: utisa@mail.ru)

## **Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру**

Мақала ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, мәдениетін және ақпараттық құзыреттілігі сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Мақалада құзыреттіліктің негізіне, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікке сипаттама берілген. Сонымен қатар информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін және одан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, пәнаралық байланысты жүзеге асыра алатын жеке тұлға қалыптастырудың мәнін белгілеген.

*Кілт сөздер:* ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті оқыту, құзыреттілік, шығармашылық, коммуникативтілік, тұлғалық, әлеуметтік, әдеби-лингвистикалық, математикалық, көркемдік, технологиялық.

Қазақстан Республикасы Президенті қазіргі таңдағы үлкен проблемалардың бірі ретінде орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруына байланысты ақпараттандыру жүйесін білім саласында қолдану аясын кеңейту қажеттігін атады. Сондықтан да «қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсетті.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Ендеше, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығы, мәдениеті және құзыреттілігі сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыруды жатқызуға болады.

Құзыреттіліктің негізіне сипаттаманы келесідей беруге болады: кез келген мәселені шеше білетін ақыл иесі мен танымдық мүмкіндіктері жоғары деңгейдегі маман, яғни, интеллектуалды құзыреттілікті талап етеді. Оқушы отбасында, достарымен қарым-қатынаста, жұмыс орнында т.с.с. орталарда өз білімін жетілдіретінін ескерсек, мектеп қабырғасында қалыптасқан құзыреттіліктің негізгі мақсаты оқушыны сол әлеуметтік ортаға бейімдеуге жәрдем беру деп білген жөн. Ал, бұл мақсатқа жетуді қалай ұйымдастырған дұрыс болар еді? Ол үшін ұтқыр ойды талап ететін, сондай-ақ өзара байланысқа құрылған сабақты инновациялық технологияны пайдалана отырып, өткізуге болады. Бұл жерде оқытушының сабақ желісін құрудағы шеберлігі, іскерлігі, дағдысы әрі тәжірибесінің бола білуіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Сондай-ақ сабақты өткізуде интерактивті оқыту формаларын және дәстүрлі емес сабақтар сынды тиімді технологияларды пайдаланған дұрыс деген тұжырымдамалар айтылған. Солардың бірі оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда «Жобалап оқыту» технологиясының тиімділігін атап өтуге болады [1].

Жобалап оқыту – оқу жүйесіндегі оқушының шығармашылық мүмкіндіктері мен физикалық әрі интеллектуалдық дамуын өзі қалыптастыруына негіз болатын ең тиімді технология. Мұнда ұстаздың негізгі мақсаты – оқушыны бақылап отыру. Нәтижесінде оқушы бойында төмендегідей қабілеттері қалыптасады:

- коммуникативтілік;
- тұлғалық
- әлеуметтік;
- әдеби-лингвистикалық;
- математикалық;
- көркемдік;
- технологиялық.

Ал енді осы жерде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікке де тоқтала кетейік. Ақпараттық құзыреттілік:

- сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;
- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, модельдеу, ойша эксперименттеу, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;
- өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға мүмкіндік береді.

Ендеше, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік — бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;
- әдептілік ережелеріне сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- нәтижелі өзара іс-әрекетті, түрлі көзқарас және әр түрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиеленіскен ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобымен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкіндік береді [2].

Информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру — қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі.

Оқушылардың шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмыс істеуі артады;
- аз уақытта көп білім алу және уақытты үнемдеу мүмкіндігі туындайды;
- теориялық білімін, іскерлігін және дағдысын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық тапсырмалар орындау;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- ақпаратты алу уақытының қысқару мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып-үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістері мен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Біздің ойымызша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушыны өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету, болып саналады.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже — жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзыреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыратын жеке тұлға қалыптастыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет [3].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;
- жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар);
- қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру — қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Ұстаздар қауымының алдында сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру; шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу; сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу; оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету міндеттері тұр.

Білім – болашақ бағдары, кез келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту. Құзырет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік — оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік — бұл жеке тұлғаның әр түрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол — оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгеру құзыреттілігін қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді [4].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау — құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық-коммуникациялық технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару).

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып, қол жеткізуге болады.

3. Жоғары сынып оқушыларын емтихандар мен ҰБТ даярлауға арналған жаттықтыру бағдарламаларын пайдалану.

4. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.
5. Оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.
6. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану сабақтарында, басқа сабақтардағы сияқты, мұғалімге келесі мәселелерді шешуге тура келеді:

- дидактикалық (сабақтың оқу материалын дайындау, компьютерлік бағдарламаны талдау);
- әдістемелік (тақырыпты беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану әдістерін анықтау, сабақтың нәтижесін талдау, келесі оқу мақсатын қою);
- ұйымдастырушылық (оқушының шамадан тыс жүктелуін және уақытты тиімсіз өткізуді болдырмайтындай етіп жұмысты ұйымдастыру);
- оқыту (қарастырылған тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және ұсынылған бағдарлама бойынша біліктері мен дағдыларын нығайту және бекіту).

Ақпараттық технологиялар мен инновациялық педагогикалық әдістерді біріктіру білім беру сапасы мен тиімділігін арттырады, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларының бірі болып саналатын білім беру жүйесінің білім алушылардың деңгейі мен даму ерекшеліктеріне сәйкестігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты — жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғы шарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту.

Мектептің алдына қойған мақсаттарын шешуге пән мұғалімдерінің сапалық құрылымы мен әлеуметтік жағдайларын білу мен зерттеуді және қолдауды алдымыздағы бірінші кезекті мәселе етіп қойдық.

Келешек елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәлім тәрбие беру — ұстаз алдындағы ең ауыр міндеттің бірі. Бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез келген жағдайдан шыға алатын, білімдар болу қажет.

Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтымақтастықпен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Оқушының үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы, ең алдымен, мұғалімнің өз міндетіне, шеберлігіне байланысты. Бала мектепке оқып-үйренуге деген үлкен ынтымақтастықпен, ықыласпен келеді. Оқушыны «қабілетті» және «қабілетсіз» деп бөле қарауға болмайды. Себебі әр оқушының өзіндік көзқарасы әр түрлі. Сабақ барысында оқушымен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынас тығыз байланыста болу қажет. Бұл оқушының қиялын, өзіндік көзқарасын еркін айтып, ұстаз тарапынан нұсқау алуына мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғам талабына сай адам рухани интеллекті, шығармашылық қабілетті болу керектігі өмір талабынан туындап отыр. Сондықтан білім беру жүйесі де қоғам дамуымен байланысты дамып, жетіліп отыруы анық. Ендеше еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін жас ұрпаққа сапалы білім, ұлағатты тәрбие беру, жалпы адамдық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани адамгершілік қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру, ата-бабаларымыздың дәстүрлері мен ұлттық қолөнер тәжірибелерін үйрету, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор.

Әрбір адамда дүниетану, білімге талпыну болмаса, еңбекке үніле қарамаса, ілгері басу, даму да болмас еді. Сондықтан ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық әдет-ғұрыпты, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарай алатын оқушы дайындауымыз керек. Олар жаңа ойларға, идеяларға шығармашыл болып, күтпеген жерден пайда болған мәселелерді шеше біліп, ақпараттарды саралай білулері қажет. Оқушылар кез келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап, оның ұтымды жақтарын қолдануға тиісті.

Білім беру саласында жас ұрпақты пәндік біліммен қаруландыру ғана емес, олардың бойына өзін-өзі дамыта алатын, өздігінен ізденіп, зерттеуді жүргізе білетін, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, қоғам талабына сай еңбекқор, мәдениетті, ұлттық рухани адамгершілікті және шығармашылықпен

жұмыс істей алатын іскерлік қабілеттерін дарыту, қазақтың ұлттық қолөнерінің ұзақ ғасырлық тарихы бар мол мұра – мәдениетіміз екенін танытуды екенін ұмытпауымыз керек.

Оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту: тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, өз ұлтының тілін, ұлттық мәдениеті мен дінін ғана біліп қоймай, басқа ұлттардың да мәдениеттерін танып-біліп, оны құрметтеуге үйретуде, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға, сайып келгенде, оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын теориялық маңызды, практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып есептеледі. Сондықтан жаңаша білім беру жүйесіндегі «Технология» білім беру саласының арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар мен шығармашылық жобалау әдістері арқылы оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту, өмір ағымындағы материалдық қажеттіліктен туындаған бұйымды дайындау технологиясын үйрету, оның экономикалық тиімділігі, дизайн талаптарына сәйкестігі мен жобалау іс-әрекетінің іскерлік қабілеттілігін қалыптастыра отырып, оқушыларға экологиялық және эстетикалық тәрбие беру, еңбексүйгіштікке баулу, шығармашылықпен ойлау қабілеттіліктерін дамыту, тарихи ұлттық мұраларымызды ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға баулу, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыт беру болып табылады.

Шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру мәселелерін шешу кәсіби білім беру процесін зерттейтін құбылыстың мәнді сипаттамасын білуден басталады. Оқушы іс-әрекеттің субъектісі қоршаған дүниені шығармашылық көзқараспен жұмыс барысын жоспарлайды, іс-әрекеттің нәтижелі болуы үшін барлық мүмкіншілікті пайдалана отырып, алдына қойған мақсатына жетуді жүзеге асыруды ойлайды.

Шығармашылық — мағынасы кең, сан қырлы ұғым. Ол мазмұны мен ұғымының тығыз байланыстылығымен ашылады: шығармашылық-таным, шығармашылық-ғылыми және шығармашылық-көркемдік ізденістерден тұрады. Педагог, ғалым Б.Ортаев айтуынша, «шығармашылық — қандай да бір сапалы жаңаны тудыратын және қайталанбайтындығымен, даралығымен, қоғамдық-тарихи сиректігімен ерекшеленетін іс-әрекет.

Шығармашылық адамға тән, өйткені ол қашанда жасампаз-шығармашылық іс-әрекеттің субъектісін болжайды, табиғатта шығармашылық емес, даму үдерісі жүреді».

Адам шығармашылық жұмыспен шұғылданған кезде оның бойындағы барлық рухани күштер іске қосылады, таным, түйсік, пайымдау, оқу мен практика кезінде жинақталған шеберліктері, әсіресе қиял арқылы ойлау үдерісі шығармашылық жұмыста өз нәтижесін береді [5]. Демек, шығармашылық іс-әрекет оқу мен тәрбиелеудің белгілі бір мақсатты көздеген жанашыл техникалық нысандарды жасау құралы ретінде қарастырылады.

Кез келген кәсіби іс-әрекетте шығармашылықтың бір көрінісі болады, яғни ғылыми шығармашылық табиғи мәнді кемелденудің жемісі, жалпы алғанда, құрылымдық деңгейінің жоғарылауы. Демек, болмыс заңдылығынан адамзатты шығармашылыққа жетелейтін реттілік пайда болады: қозғалыс – даму – орындау – шығармашылық.

Шығармашылық нәтижесі іздену барысында пайда болатын затта, іс-әрекетте және ойда орындалады. Олай болса, шығармашылық адам іс-әрекетінің барысы тәрізді маңызды сипатта болады.

Шығармашылық жаңаның, бұрынғыны қайталамайтын ойлау қабілетінен туындаған өнімнің пайда болуына жеткізеді. Шығармашылықты танып-білудің жолдары философияда, психологияда және педагогикада қарастырылған.

Психологтардың пайымдауы бойынша, шығармашылық барысын мына компоненттер құрайды [4]:

- дәстүрлі емес жауапты талап ететін сұрақ қоюға қабілет;
- туындаған мәселелерді көру ептілігі;
- логикалық және математикалық түрінде құрылған ойды бейнелеу;
- көркем-графикалық, заттық және басқа құрылымда, мысалы, сәндік-қолданбалы сипатта шығарманың құрылуы, бұйымның қандай болмасын түйіндерін өңдеуде жаңа технологияларды іздестіру;
- туындаған бейнелерді жасауда пайда болған ойларды қорытындылау қабілеті.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдануы болып табылады. Бүгінгі бала — ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн-режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші — біз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. — Алматы: Дайыр, 2010. — 8–12-б.
- 2 Жолдасова Б.Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім. — 2007. — № 5. — 18–21-б.
- 3 Құбаиева М. Жаңа ақпараттық технологиялармен оқыту // Информатика негіздері. — 2011. — № 4. — 16–18-б.
- 4 Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: sabaqta.kz
- 5 Садыбекова Ж. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // Информатика негіздері. — 2008. — № 4. — 5–7-б.

К.Р.Исаева, И.С.Утебаев, Г.Б.Бокаева

### **Формирование творческой компетенции учащихся с применением информационно-коммуникационных технологий**

Статья посвящена формированию творческой компетенции учащихся с применением информационно-коммуникационных технологий. В условиях информатизации сферы образования формирование способностей по информационной грамотности, культуре и информационной компетентности становится актуальной проблемой. В статье даны характеристики основ компетентности и информационно-коммуникативной компетенции. Также показано, как формировать личность, умеющие практически применять межпредметные связи в школьном обучении, так как они являются конкретным выражением интеграционных процессов, происходящих сегодня в науке и в жизни общества.

K.R.Issayeva, I.S.Utebaev, G.B.Bokayeva

### **Formation of creative competence of pupils with the use of information and communication technologies**

The article is devoted to the formation of the creative competence of pupils with the use of information and communication technologies. Under the conditions of informatization of education spsobnostey formation of information literacy, culture and information competence becomes an important issue. The article gives the characteristics of competency-based and information-communicative competence. Also forming personality, able to apply the practical interdisciplinary communication in schooling, as they are a concrete expression of the integration processes taking place today in science and in society.

#### References

- 1 Muhambetzhanova S.T., Meldebekova M.T. *Methodology of information and communication competence of teachers*, Almaty: Dayyr, 2010, p. 8–12.
- 2 Zholdasova B.B. *Bilim*, 2007, 5, p. 18–21.
- 3 Kubysheva M.A. *Journal Fundamentals of informatics*, 2011, 4, p. 16–18.
- 4 *Development creation students with infopmation-kommunikation tehnologi*, [ER]. Access mode: sabaqta.kz
- 5 Sadybekova J. *Journal Fundamentals of informatics*, 2008, 4, p. 5–7.